

Қош келдің, Жаңа жыл!

№52 (20 865)
26 желтоқсан,
2024 жыл, бейсенбі

atr.kz
gazeti

Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

Atyrau.gazeti
atyrau_gazeti@mail.ru
Атырау газеті
www.atr.kz

II Құттықтау

Құрметті жерлестер!

Баршаңызды жаңа 2025 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Жыл мен жылдың тоғысында өткенге ой жүгіртіп, сабақ алып, келер күнге көз тігеміз. Тарихтың қойнауына бойлаған 2024 жылдың күмілжіткен қиындығы да, көкіректі кернеген қуанышы да жетіп артылды. Көктемде тасқынға қарсы қарусыз майданда күресіп, бірлігіміз бен ынтымағымыздың арқасында сынақта сағымыз сынбай, өлкемізді апаттан аман алып қалдық.

Жылдың сүйініштер жаңалығы да аз болған жоқ. Жаңа білім нысандары шәкірттерге есігін айқара ашты. Әлеуметтік салада тұрғындар игілігін көксеген келелі істер тындырылды. Өндірісіміз өрістеп, өлкеміз бұрынғысынан да ажарлана түсті. Халықтың әлауқатын арттырып, өмір сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстар жаңа жылда да жалғасын табады.

Сіздерді осынау жарқын мерекемен құттықтай отырып, әр шаңыраққа бақ-береке ұя салсын деп тілеймін!

Әр үйде сәбидің шат күлкісі сыңғырлап, татулық пен береке мәңгі салтанат құрсын. Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын, еліміздің еңсесі биіктеп, халқымыздың қазынасы молая берсін.

Жаңа жыл құтты болсын!

С.ШӘПКЕНОВ,
Атырау облысының әкімі

Қадірленді Атырау облысының тұрғындары және қала қонақтары!

Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Табалдырығымыздан жаңа жыл аттар тұста, ескі жылды ой елегінен өткіземіз. Қол жеткен жетістіктер мен кемшіліктерді саралаймыз. 2024 жыл облыс тарихында орын алар, есте қалар оқиғаларға толы жыл болды. Соның ішінде көктем айларында аймақты су басу қаупі төнген сындарлы шақта тасқынға тосқауыл болған облыс тұрғындарының қатарынан ембiлiк мұнайшылар да табыла бiлдi. Бірлескен жұмыстар өз нәтижесін берді.

Негізгі бағыты «қара алтын» өндіру саласы болғанымен, «Ембімұнайгаз» АҚ – экономика саласының өрістеуіне үлес қосумен қатар, әлеуметтік жауапкершілікті де негізгі бағыттарының бірі ретінде айқындаған отандық компания. Соған сай, 2024 жылы Қазақстан мұнайының 125 жылдығы аясында облыс бойынша әлеуметтік жобаларға демеушілік көрсетіп, бірнеше әлеуметтік нысандарды жаңа жабдықтармен қамтамасыз етуі – осының айғағы. Бұл бағыттағы жұмыстардың жыл бойы жалғасқаны да гасырлық даму тарихы бар компанияның облыс тұрғындарына көрсеткен көмегін білдіреді. Мұнайлы өңір инфрақұрылымының дамуы – баршамызға ортақ жұмыс. Әрбір ембілік мұнайшы мұны жақсы түсінеді, үлкен жауапкершілікпен қарайды.

Жаңа жылда жаңа жоспар жасап, жаңа мақсат қоямыз. Біз ертеңгі күнге үміт артамыз, әр жылдан жақсылық күтеміз. Соған сай, келер жыл әр шаңыраққа қуаныш пен шаттық, денсаулық пен бақыт әкелсін!

Жаңа 2025 жыл құтты болсын!

Құрметпен,
«Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы

Құрметті Атырау облысының тұрғындары мен қонақтары!

«Теңішевройл» ЖШС-нің көпұлтты ұжымы атынан сіздерді келе жатқан 2025 Жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймыз!

Өтіп бара жатқан жыл Атырау облысы тұрғындары үшін оңай болған жоқ. Көктемде болған су тасқыны үлкен зардап келтіріп, біраз уақытқа бәрімізді әбiгерге салды. Дегенмен, бұл қиындықтар халықтың бірлігін көрсетті. Теңішевройл өз тарапынан Жылыой ауданынан тұрғындарды эвакуациялап, Теңiзде орналастырып, су тасқыны кезiнде және оның салдарын жою үшін техника, ауыз су және жанармаймен қамтамасыз етті. Сонымен қатар, ТШО қызметкерлері арасынан шыққан еріктілер де су тасқынынан зардап шеккендерге гуманитарлық көмек жинап, оны таратуды ұйымдастырды.

Барлық қиындықтарға қарамастан, біз Атырау облысы мен Жылыой ауданының тұрғындарымен бірге барлық сынақтардан ауызбіршілік пен табандылықтың арқасында сүрінбей өттік және алдағы 2025 жылға үлкен үмітпен қараймыз.

Өткен жылдың көптеген жағымды сәттерін де назардан тыс

қалдырмау керек. Биыл Теңіз кен орны өзінің 45 жылдығын атап өтті. Біздің ардагер мұнайшыларымыздың ашқан кен орны ұзақ жылдар бойы Қазақстан Республикасына пайдасын тигізіп, ел тұрғындарының игілігі үшін қауіпсіз және үздіксіз жұмыс істеп келеді.

Теңішевройл елдегі ең ірі салық төлеуші болып қана қоймай, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары компания ретінде аймақ пен елдің дамуына өз үлесін қосуда. Жақында ғана Құлсары қаласының Береке шағынауданында 600 орындық №25 мектеп ашылып, Жылыой ауданындағы Құрсай өзенінің жағалауы абаттандырылды. Сонымен қатар, үкіметтік емес ұйымдардың 15 әлеуметтік жобасы жүзеге асырылды, ал «Таңдау» жобасы аясында шамамен 50 кәсіпкер шағын және орта бизнесті дамыту үшін пайызсыз несие алды.

2025 жылы сіздерге көп қуанышты және бақытты сәттер тілейміз. Жаңа жыл әр отбасыға бақыт пен береке әкелсін, ал қиындықтар сіздер мен жақындарыңызды айналып өтсін! Сіздерге табыс, барлық бастамаларыңызда сәттілік және мықты денсаулық тілейміз! Жаңа жыл құтты болсын!

Ізгі тілекпен,
Кевин ЛАЙОН, «Теңішевройл» ЖШС бас директоры
Көңілқош СҮЙЕСІНОВ, «Теңішевройл» ЖШС бас директорының орынбасары

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы жанынан құрылған конкурстық комиссия Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Индер аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК байқау кеңесі мүшелігіне іріктеу жариялайды

Конкурс 2025 жылғы 27 қаңтар сағат 11.00-де Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, облыс әкімдігі ғимараты, №330 кабинетте өткізіледі.

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Индер аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК-ның орналасқан орны және пошталық мекен-жайы: Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор келесі, Ж.Кенжетас көшесі, 3 үй, телефон: 8 (71234) 790 41.

«Индер аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК-ның негізгі қызметі болып мемлекеттік лицензия мен оның қосымшаларына сәйкес амбулаторлық-емханалық, бастапқы медициналық-санитариялық және консультативті диагностикалық, стационарлық, стационар алмастыратын және IV санатты жедел медициналық көмек көрсету табылады.

Байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімін, сондай-ақ мынадай талаптардың біріні:

- денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;
 - денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;
 - денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.
- Мынадай:
- соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
 - заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;
 - бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
 - байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе

мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар 2025 жылғы 24 қаңтар сағат 18.00-ге дейін комиссияға Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, облыс әкімдігі ғимараты, №328 бөлмеге келесі құжаттарды тапсыру керек:

- конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
- қазақ және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- ҚР Еңбек кодексінің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері;
- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруге болады.

Конкурстық ұсыным салынған конверт Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №113 «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидаларын, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сай рәсімделуі тиіс.

Қосымша ақпараттарды мына телефондар бойынша білуге болады: 8 (7122) 27 09 14.

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы жанынан құрылған конкурстық комиссия Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Махамбет аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК байқау кеңесі мүшелігіне іріктеу жариялайды

Конкурс 2025 жылғы 27 қаңтар сағат 11.00-де Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, облыс әкімдігі ғимараты, №330 кабинетте өткізіледі.

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Махамбет аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК-ның орналасқан орны және пошталық мекен-жайы: Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбет селосы, Есмағамбетов көшесі, 10 үй, телефон: 8 (71236) 3 03 10. «Махамбет аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК-ның негізгі қызметі болып мемлекеттік лицензия мен оның қосымшаларына сәйкес амбулаторлық-емханалық, бастапқы медициналық-санитариялық және консультативті диагностикалық, стационарлық, стационар алмастыратын және IV санатты жедел медициналық көмек көрсету табылады.

Байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімін, сондай-ақ мынадай талаптардың біріні:

- денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;
 - денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;
 - денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.
- Мынадай:
- соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
 - заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;
 - бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
 - байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық

және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар 2025 жылғы 24 қаңтар сағат 18.00-ге дейін комиссияға Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, облыс әкімдігі ғимараты, №328 бөлмеге келесі құжаттарды тапсыру керек:

- конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
- қазақ және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- ҚР Еңбек кодексінің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері;
- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруге болады.

Конкурстық ұсыным салынған конверт Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №113 «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидаларын, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сай рәсімделуі тиіс.

Қосымша ақпараттарды мына телефондар бойынша білуге болады: 8 (7122) 27 09 14.

ҚР Экологиялық кодексінің (96-бап) талаптарына сәйкес 2025 жылдың 30-шы қаңтарында сағат 10.00-де «Теңізбен байланысты оқшаулау мақсатында су қабылдау бассейніді қайта құру» жұмыс жобасына арналған 2025 жылға әсер етуге экологиялық рұқсат алуға берілетін өтінім пакеті» бойынша қоғамдық тыңдау өткізеді.

Учаскенің географиялық координаттары: 46°26'13", 52°16'04".

Қоғамдық тыңдау өткізілетін орын: Атырау облысы, Дамбы ауылдық округі, Дамбы ауылы, Амангелді көшесі, 15 (ауылдық клуб).

Әсер ету аумағының географиялық координаттары:

Оңтүстік - 46°13' 43,963», 52°15' 40,657». Батыс - 46°26' 34,977», 51°58' 47,734». Солтүстік - 46°38' 0,968», 52°16' 14,398». Шығыс - 46°26' 11,521», 52°33' 55,291».

Бейнеконференц байланысқа сілтеме: <https://zoom.us/j/95092617641?pwd=ZlsyepEDGeFQVQhNkY9PFCNOCUBjQ.1> Конференция сәйкестендіргіші: 950 9261 7641

Кіру коды: 542298

Жоспарланған қызмет бастамашысының атауы және байланыстары: НКОК Н.В. (Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.), БСН 000241000874, филиал: Атырау қаласы, Смағұлов көшесі 8, тел.: +7 (7122) 92 74 14.

Мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: «Sustainable ecology development» ЖШС, Алматы қаласы, Асқаров көшесі, 3, тел. +7 727 2472323, +7 727 2472626, +7 727 2472636, эл. адресі: sed@sed.kz

Жоба бойынша құжаттама орналастырылған интернет-ресурстың мекен-жайы: <https://ecoportal.kz>

Жоғарыда аталған жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстарды Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына жолдауларыңызға болады (Атырау қ., Әйтеке би к., 77): atr_priroda@mail.ru, ga.arystanova@atyrau.gov.kz, atr_priroda@atyrau.gov.kz

ЖАО сайтына сілтеме: <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=kk>

Қосымша ақпаратты көрсетілген эл.пошта және телефон нөмірі бойынша алуға болады: Zhanat.Kozhan@ncoc.kz, +7 (7122) 92 27 03.

Қызмет алушының құқығы қалпына келтірілді

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментімен азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бағытында жүйелі түрде жұмыстар атқарады.

Мәселен, Департаментке Атырау қаласының тұрғыны «Жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын дайындау және беру» мемлекеттік қызметін қағаз жүзінде көрсетуге қатысты шағымын түсірді.

Бұл ретте, қызмет алушыға «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ Атырау облысы бойынша филиалымен «Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастры» ақпараттық жүйесіндегі өтініміндегі жер телімінің шекарасымен қала әкімі шешімінде көрсетілген шекарасының көлемдері сәйкес келмеуіне байланысты бас тартылған.

Атап өту қажет, қағидаға сәйкес, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негізі болып көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік



көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және олардағы деректердің дұрыс еместігі болып табылады.

Бұл орайда, Департаментпен филиалға тиісті хат жолданып, нәтижесінде қызмет алушыға мемлекеттік қызмет көрсетудің оң нәтижесі электронды түрде ұсынылды.

«Ембімұнайгаз АҚ-ы 20.02.2025 ж. сағат 10:30-да «Атырау облысы, Жылыой ауданы Батыс Қарасор кен орнын жайластыру» және «Доссормұнайгаз» МГӨБ Алтыкөл-Қарсақ мұнай құбырының құрылысы» жобаларына арналған қоршаған ортаны қорғау жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл ауылы, «Қосшағыл» мәдениет үйінде өткізілетінін хабарлайды.

ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу сілтемесі: <https://kmg-kz.zoom.us/j/7555913367?pwd=UGJLeJE3bVdZNCZk5Nmt2YmZlZmZ09>

Конференцияның идентификаторы: 755 591 3367, қолжетімділік коды: 593597

Тапсырыс беруші – «Ембімұнайгаз АҚ, 060002, Атырау қ., Уәлиханов көшесі 1-ші үй., БСН 120240021112

Жобаны әзірлеуші – «КМГ инжиниринг» ЖШС Атырау филиалы, 060097, Атырау қ.,

Нұрсая шағынауданы, Елорда даңғылы, 10., БСН 180541015056

Құжаттамалар <https://ecoportal.kz> БЭҚ сайтында орналастырылған.

Қоғамдық тыңдауда қарастырылатын құжаттар бойынша ескертулер мен ұсыныстар жазбаша және электронды түрде мына мекен-жайлар бойынша қабылданады:

«Атырау облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» ММ, пошталық мекен-жайы: 060010, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі 77, тел: 8 (7122) 325509,

электрондық мекен-жай: atr_priroda@mail.ru, <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>, <https://ecoportal.kz>.

Құжаттар бойынша қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: g.slankzyy@kmg.kz тел.: 8 71 22 30 54 43.

Қаралатын ауданның географиялық орналасу координаттары:

Батыс Қарасор кен орны: Солтүстік ендік 45.54°.7» Шығыс бойлық 53.17°26»

Алтыкөл – Қарсақ кен орны: Солтүстік ендік 47.5°.6» Шығыс бойлық 53.41°48»

ЖЕКЕ ХАБАРЛАНДЫРУ

НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ
2024 жылы 2 маусым айында қайтыс болған **Тусалиев Талғат** атына мұралық іс ашылды. Мұра қабылдау үшін барлық мұрагерлердің Атырау нотариаттық аймағының нотариусы Шеккалиева Венера Айбулатовнаға келулеріңіз сұралады, нотариустың мекен-жайы: Атырау қаласы, Балықшы ш.а., Қ.Ахмедияров көшесі, 30 а үй, тел. 24-23-00. (ҚР ӨМ-мен 03.08.2006 жылы берілген №0000567 лицензиясы).

Нотариус Джумашева Гулсара Мухитовна хабарлайды: 2024 жылы 20 ақпанда қайтыс болған **Сүлейменов Мадина Габитовнаның** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің нотариуске, Атырау қаласы, Авангард 4 шағынауданы, 12 үй, 58 пөтерде – «Нотариус», орналасқан нотариалдық кенесіге хабарлаулары сұралады. Қазақстан Республикасы Өділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті 8 сәуір 2011 жылы берілген №00003325 санды лицензиясын қолданушы, Атырау нотариаттық аумағының жеке нотариусы Джумашева Гулсара Мухитовна. Ұялы тел: 87014739333.

Нотариус Джумашева Гулсара Мухитовна хабарлайды: 2024 жылы 11 мамырда қайтыс болған **Қуспанова Масрипаның** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің нотариуске, Атырау қаласы, Авангард 4 шағынауданы, 12 үй, 58 пөтерде – «Нотариус», орналасқан нотариалдық кенесіге хабарлаулары сұралады. Қазақстан Республикасы Өділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті 8 сәуір 2011 жылы берілген №00003325 санды лицензиясын қолданушы, Атырау нотариаттық аумағының жеке нотариусы Джумашева Гулсара Мухитовна. Ұялы тел: 87014739333.

Нотариус М.С.Сүлейменова хабарлайды: 22.09.2024 жылы қайтыс болған **Маниғбаев Жанбұлат Набиновичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарлауларын сұрайды: Исатай ауданы, Ақкыстау селосы, Е.Қазақстан қоспесінде орналасқан «ШАД» сауда орталығына, телефон: 8 (71231) 2-06-82. Лицензия № 0002271. Берілген күні 12.12.2008 ж.

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 04.07.2024 жылы қайтыс болған **Тайғалиев Ержаннның** атына мұралық іс ашылды.Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустың кеңесіне хабарлаулары сұралады:

Атырау облысы, Махамбет ауданы. Махамбет ауылы, Абай көшесі №25 үй.
Тел: 8-(71236)-2-13-04, 87784822044; 23 шілде 2002 жылы берілген, лицензия №0001099.

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 23.10.2024 жылы қайтыс болған **Қайрекешев Орынғали Әбенұлының** атына мұралық іс ашылды.Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустың кеңесіне хабарлаулары сұралады:

Атырау облысы, Махамбет ауданы. Махамбет ауылы, Абай көшесі №25 үй.
Тел: 8-(71236)-2-13-04, 8 778 482 20 44; 23 шілде 2002 жылы берілген, лицензия №0001099.

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 24.07.2024 жылы қайтыс болған **Жұмаханов Сағат Рабайұлының** атына мұралық іс ашылды.Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустың кеңесіне хабарлаулары сұралады:

Атырау облысы, Махамбет ауданы. Махамбет ауылы, Абай көшесі №25 үй.
Тел: 8-(71236)-2-13-04, 8 778 482 20 44; 23 шілде 2002 жылы берілген, лицензия №0001099.

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 23.07.2024 жылы қайтыс болған **Сисатов Жасуланнның** атына мұралық іс ашылды.Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустың кеңесіне хабарлаулары сұралады:

Атырау облысы, Махамбет ауданы. Махамбет ауылы, Абай көшесі №25 үй.
Тел: 8-(71236)-2-13-04, 8 778 482 20 44; 23 шілде 2002 жылы берілген, лицензия №0001099.

Нотариус М.С.Сүлейменова хабарлайды: 22.07.2024 жылы қайтыс болған **Қобдулова Эльза Асқаровнаның** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарлауларын сұрайды. Исатай ауданы, Ақкыстау селосы, Е.Қазақстан қоспесінде орналасқан «ШАД» сауда орталығына. Телефон: 8 (71231) 2-06-82. Лицензия №00002271. Берілген күні 12.12.2008 ж.

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 28.06.93 жылы қайтыс болған **Балғожина Гүлбәргінің** атына мұралық іс ашылды.Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустың кеңесіне хабарлаулары сұралады:

Атырау облысы, Махамбет ауданы. Махамбет ауылы, Абай көшесі №25 үй.
Тел: 8-(71236)-2-13-04, 87784822044; 23 шілде 2002 жылы берілген, лицензия №0001099.

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 04.12.24 жылы қайтыс болған **Есенов Қоблан Қуановичтің** атына мұралық іс ашылды.Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустың кеңесіне хабарлаулары сұралады:

Атырау облысы, Махамбет ауданы. Махамбет ауылы, Абай көшесі №25 үй.
Тел: 8-(71236)-2-13-04, 8 778 482 20 44; 23 шілде 2002 жылы берілген, лицензия №0001099.

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 04.12.24 жылы қайтыс болған **Есенов Қоблан Қуановичтің** атына мұралық іс ашылды.Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустың кеңесіне хабарлаулары сұралады:

Атырау облысы, Махамбет ауданы. Махамбет ауылы, Абай көшесі №25 үй.
Тел: 8-(71236)-2-13-04, 8 778 482 20 44; 23 шілде 2002 жылы берілген, лицензия №0001099.

Нотариус Джумашева Гулсара Мухитовна хабарлайды: 2024 жылы 11 қазанда қайтыс болған **Дарибаев Жолдыбай Ахметовичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің нотариуске, Атырау қаласы, Авангард 4 шағынауданы, 12 үй, 58 пөтерде – «Нотариус», орналасқан нотариалдық кенесіге хабарлаулары сұралады. Қазақстан Республикасы Өділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті 8 сәуір 2011 жылы берілген №00003325 санды лицензиясын қолданушы, Атырау нотариаттық аумағының жеке нотариусы Джумашева Гулсара Мухитовна. Анықтама тел: 87014739333.

Атырау Газет 1923 жылғы сәуірдің 1-нен шыға бастады

МЕНШІК ИЕСІ:
«АТЫРАУ-АҚПАРАТ» ЖШС
Бас директор
Нұрболат ЕЛЕУСІНОВ

Бас редактор **Назарбек ҚОСШИЕВ**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі – 45-86-43.
Бас редактордың орынбасары – **А.Базарбаев**
Жауапты хатшы – **Д.Мұхамбеталиев**
Арнаулы тіпші – **Е.Қалижан**
atr.kz сайтының редакторы – **А.Құрманшөва**

Бөлімдер:
экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері:
шошұлы – **А.Сабырова**, аға тіпші – **Д.Аруев**,
қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мадени мәселелер:
шошұлы – **Р.Өтеғали**, тіпші – **Ж.Мәлімқожа**,
экология және құқықтық мәселелер: шошұлы – **А.Қабдолов**,
аға тіпші – **М.Оразалиева**, тіпші – **Т.Ермек**

фототіпші – **Е.Алтыбаев**
Корректорлар: **Э.Әбілқайырова**, **А.Шомажанова**.
Компьютер центрі.
бет құрушылар – **С.Рамазанова**, **А.Жолдыбаева**.
Іс жүргізуші: **Т.Тайтекова**, теруші: **К.Елеусінова**

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті мерзімді баспасөз басшылығы ақпараттық агенттігі және желілік басшылығы есебіне қию туралы 2023 жылғы 22 желтоқсан күні тіркеліп, тіркеу туралы **№КЗ82VPR0088467** күнелі берілген.

Басылған «Құрмет белгісі» орденімен республикалық «Аманат» сыйлығымен марапатталған.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29а үй.
Уақытша мекен-жайы: 060005, Аты